

Астанада «Аманат» партиясының кезекті съезі өтіп, партия мүшелері мемлекетті дамыту бағытында атқарылған жұмыс нәтижесін қорытындылап, «Әділет» партиясына қосылу идеясын қолдады. Бұл шешім Мемлекет басшысының ел дамуының жаңа кезеңінде барлық прогрессивті қоғамдық-саяси күшті жалпыұлттық құндылықтар мен мақсаттар төңірегінде топтастыру туралы үндеуіне қолдау көрсету мақсатында қабылданды.

Съезд жұмысына еліміздің барлық өңірінен келген делегаттар, Саяси кеңес мүшелері, Парламент депутаттары, «Жастар рухы» жастар қанатының белсенділері қатысты. Жалпы саны 1 500-ден аса адам бас қосты.

Өз сөзінде Мәжіліс спикері, «Аманат» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың табысты жүзеге асырылып жатқан реформалары бүгінде жаңа қоғамның іргетасы мен мемлекеттің жаңа келбетін қалыптастырып жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, қазіргі таңда тәуелсіздікті нығайту, халықтың әл-ауқаты мен бірлігі, ұлт тұтастығы секілді басты құндылықтар алдыңғы қатарға шықты. Мемлекет басшысының батыл шешімдері арқылы биліктің барлық институты түбегейлі жаңғырып, саяси бәсекелестік күшейді, ал қоғам нақты шешімдер қабылдау үдерісіне ықпал ететін сенімді дауысқа ие болды.

Мәжіліс төрағасы бұл үдерістердің шарықтау шегі әрі Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұстанған саясаттың шынайы жеңісі ретінде жалпыұлттық референдумда отандастарымыздың басым көпшілігі қолдаған жаңа Конституцияның қабылдануын атады. Бүгінде еліміз жаңа тарихи дәуірге қадам басты. Оның негізінде адам, әділдік, заң және прогресс қағидаттары жатыр.

«Қазір біз уақыт талабына, мемлекет мүддесіне және қоғам сұранысына сай келетін қадам жасауымыз керек. Бүгінде еліміз бөлінуге емес, бірігуге ұмтылуы қажет. Сондықтан осы жауапты кезеңде өз ресурстарымызды жаңа саяси күш – «Әділет» партиясына қосуымыз керек. Осылайша, біртұтас президенттік бағыттағы саяси күш құрамында Әділетті әрі Прогрессивті Қазақстанды бірге құруды жалғастырамыз. Біз өз қағидаттарымыздан, ұстанымдарымыздан және идеяларымыздан бас тартпаймыз. Керісінше, оларды одан әрі күшейтіп, мүмкіндіктерін кеңейтіп, жаңа даму деңгейіне көтереміз», деді Е.Қошанов.

«Аманат» төрағасы бұл шешімді партияның барлық деңгейдегі мүшелері қолдаған табиғи әрі кемел саяси үдеріс деп атады.

«Аманат – бабалар аманаты әрі болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Әділет – қуатты әрі заманауи мемлекеттің негізі саналатын әділдік. Осы құндылықтарды біріктіре отырып, қоғамдық бірлікті нығайтамыз. Түптеп келгенде, бәріміздің мақсатымыз ортақ – қуатты Қазақстан, гүлденген мемлекет және әрбір азаматтың әл-ауқаты. Біз дәл осы мақсат жолында қабылдап отырған шешімімізді жолдың соңы емес, ортақ тарихымыздың жаңа тарауының бастауы деп білеміз», деді Е.Қошанов.

Съезде Мемлекет басшысының саяси бағытына қолдау көрсетуде партия тарапынан атқарылған ауқымды жұмыс қорытындыланды.

Реформаларды заңнамалық тұрғыдан қолдау мәселесі туралы Мәжіліс депутаты, «Аманат» партиясы парламенттік фракциясының жетекшісі Ай-дос Сарым баяндады. Осы шақырылым барысында бастамашылық етілген 118 заң жобасының 104-ін «Аманат» фракциясының депутаттары әзірледі. Бұл – барлық заңнамалық бастаманың 88 пайызы. Аталған заң жобалары ел дамуының ең өзекті мәселелерін шешуге бағытталды. Сонымен қатар депутаттар көптеген депутаттық сауал жолдап, жүздеген мың азаматты қамтыған мыңдаған кездесу өткізді.

Президент саясатының негізгі қозғаушы күшінің бірі ретінде партия әлеуметтік жобалар арқылы қоғамдағы ең өзекті мәселелерді жүйелі түрде шешіп келді. Мәселен, «Қарызсыз қоғам» жобасы 1,5 млн адамның шамадан тыс қарыз жүктемесімен күресуіне көмектесті. «Ауыл



"АМАНАТ" ПАРТИЯСЫ "ӘДІЛЕТКЕ" ҚОСЫЛАДЫ



аманаты» бағдарламасы 2,5 пайыз мөлшерлемесімен микронесиелер беру арқылы ауылдық жерлерде ондаған мың жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді. «Жер аманаты» жобасы аясында 15 млн гектар жер мемлекет пен халыққа қайтарылды. «Цифрлық қоғам» жобасы мемлекеттік органдарды, IT-қоғамдастықты және еріктілерді біріктіріп, барлық өңірде цифрлық сауатты арттыруға ықпал етті. Ал «Turgyndar amanatu» тұрғындар мен мемлекеттік органдар арасында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мәселелерді шешуге бағытталған тікелей диалог орнатты.

Үш жыл ішінде «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының 70 па-йызы орындалды. Атап айтқанда, 600 жаңа мектеп салынды, мемлекеттік қызметшілердің, дәрігерлер мен мәдениет саласы қызметкерлерінің жалақысы көтерілді, инсульттік және кардиологиялық орталықтар ашылды, тегін скрининг бағдарламалары іске қосылды. Кәсіби қауымдастықтармен жүргізілген тікелей диалогтің нәтижесінде мұғалімдер өздеріне тән емес міндеттерден заңнамалық тұрғыдан босатылып, ауылдық жерлерге жұмысқа баратын дәрігерлер үшін 10 млн теңгеге дейін көтерме жәрдемақы енгізілді.

«Аманат» партиясының қазіргі қызметін қорытындылау аясында делегаттар алдында өңірлердің, әйелдер және жастар қанаттарының өкілдері сөз сөйледі.

Әйелдер қанатының тең төрағасы, Мәжіліс депута-

ты Үнзила Шапақ партияның жаңа Конституцияны ілгерілету ісіне атсалысуға және мемлекеттік басқарудағы әйелдердің ролін күшейтуге ерекше назар аударды. Мәжіліс депутаты Нұрсұлтан Байтілесов Президенттік жастар кадр резервінің тиімділігін және жас парламентарийлердің IT-саладағы заң шығару жұмысына қосқан үлесін атап өтті.

«Онкоорталық» БПҰ жетекшісі Гүлмира Сағидуллина ауыл тұрғындарына арналған «Аманат керуені» көшпелі медициналық экспедициясының іске қосылғаны туралы баяндады. Павлодар облыстық мәслихатының төрағасы Илья Теренченко Президент бағытын қолдайтынын және жергілікті жерлерде күш-жігерді біріктірудің маңызын атап өтті. Ал Орталық бақылау-тексеру комиссиясының мүшесі Әлібек Қадырбеков партияның ішкі жаңғыру жұмысын қорытындылап, партияішілік үдерістер цифрландырылғанын хабарлады.

Съезд жұмысын қорытындылай келе, делегаттар «Әділет» партиясына қосылу туралы стратегиялық шешімді бірауыздан қолдап дауыс берді. Съезд мақұлдаған бұл бастама партия қауымы елдің жасампаз даму бағыты мен Президенттің стратегиялық саясатын қолдау үшін біртұтас әрі топтасқан алаң ретінде әрекет етуге дайын екенін көрсетті.

"Egemen Qazaqstan" № 109.

ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚЫН ӨҢІР

Целиноград ауданы: миллиардтаған инвестициялар, жаңа өндірістер мен ауқымды жобалар өңір экономикасын жаңа деңгейге көтеріп отыр.

Аудан Астанаға жақын орналасқан Ақмола облысындағы ең қарқынды дамып келе жатқан аумақтардың бірі ретінде өз орнын нықтап келеді. Бұған дейін мұндағы негізгі даму драйверлері тұрғын үй құрылысы мен әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту болса, бүгін аудан жаңа кезеңге аяқ басты. Енді басты рөлді өнеркәсіп, қайта өңдеу саласы, ірі инвестициялық жобалар мен заманауи өндіріс атқарып отыр.

Мұндай жүйелі даму кездейсоқ емес. Астанамен іргелес тиімді географиялық орналасу, инженерлік инфрақұрылымның кешенді дамуы және қолайлы инвестициялық климат ауданның бизнесті тартатын ең тартымды аландардың біріне айналуына мүмкіндік берді.

Аудан әкімі Дарын Сабырғали Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ауданның қол жеткізген

нәтижелері мен алдағы міндеттері туралы баяндады.

Оның айтуынша, бүгінде аумақ дамуының басты көрсеткіші тек экономикалық өсім емес, оның сапасының өзгеруі болып отыр.

«Бірнеше жыл бұрын негізгі даму көзі мемлекеттік бағдарламалар болса, қазір біз мүлде басқа тенденцияны көріп отырмыз. Бизнес ауданға белсенді келіп, өндіріске инвестиция салып, жаңа кәсіпорындар ашып, жұмыс орындарын құруда. Бұл инвесторлардың сенімін және тандалған бағыттың дұрыстығын көрсетеді», – деді Дарын Сабырғали.

Инвестициялар бүгінде аудан дамуының негізгі қозғаушы күшіне айналған. Өткен жылдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға 106,2 млрд теңге инвестиция тартылды. Оның ішінде жеке инвестициялар көлемі екінші жыл қатарынан өсіп, 43 млрд теңгеден асты. Бұл кәсіпкерлердің өз қаражатын салып, ұзақ мерзімді жоспарларын Целиноград ауданымен байланыстырып отырғанын білдіреді.

Жалғасы 2-бетте.



■ **Ізгі лебіз**

ҚҰТТЫ БОЛСЫН АЙТАМЫЗ

Бүгін сіздерге танымал, саналы ғұмырын қазақтың салт-дәстүрін, әдет ғұрпын, әдебиеті мен мәдениетінің дамуына өзінің өлшеусіз үлесін қосып жүрген, үлкен мінбелерде республикалық баспасөз беттерінде елге танымал Дина Әбдірасыл ханым жайлы бірер ауыз жылы лебіз білдірудің реті келіп тұр.

Біздің ауылдасымыз осы жылдың өзінде бірнеше рет аты аталып құрметті марапаттар иесі болды. Атап айтқанда, 2026 жылғы Дүние жүзі қазақтары құрылтайына арнайы шақырту алып құрмет грамотасымен марапатталған.

Ал бүгінгі күні Қазақстанның алтын кітабына есімі алтын әріппен басылып, жас ұрпаққа үлгі боларлық өмір жолы мен атқарған ұстаздық, журналистикалық шығармашылық жазбалары қысқаша осы кітап бетінде жарияланып отыр.

Ардагер ұстаз, қаламы жүйрік, көркем тіл, шебері ойы терең мағыналы ауылымыздағы мектеп ұстаздар ұжымымен бірлесе отырып жас ұрпақ тәрбиесіне үнемі атсалысып келеді. Ауылымыздың бүгінгі тыныс-тіршілігімен жарқын болашағына үлкен сеніммен қарап, ой толғауын ортаға сала біліп, халыққа жеткізе отыратын, ардақты ана, ұлағатты ұстаз, қаламгер, ардагерлер Кеңесінің белді мүшесі, Аналар ұйымының жетекшісі.

Дина Әбдірасылқызын осы жетістіктері мен елдің рухани мәдениетінің дамуына қосқан үлесі үшін Қоянды Ардагерлер кеңесі ұжымы «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» деген бір мейірімге толы қанатты сөзі мен аяқтай келіп, шын жүректен қазақтың көркем мінезді ақылды қызын құттықтаймыз!

Сізге мықты денсаулық, отбасылық амандық, ұзақ



өмір және шығармашылық жолында табыс тілейміз. Қаламыңыз мұқалмас, қарлығаштың қанатымен су сепкендей, ісіңіз бен көңіліңіз Көк Туымызбен бірге көгімізде шарықтай берсін.

**Ізгі құрметпен
Қоянды ауылы ардагерлері кеңесі.**

■ **Baquatty audan**

ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚЫН ӨҢІР

Жалғасы. Басы 1-ші бетте.

Оң динамика нақты экономикада да көрініс табуда. Өткен жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі шамамен 19 пайызға артты. Әсіресе өңдеу өнеркәсібі жоғары қарқын көрсетіп, аудан дамуының негізгі бағыттарының біріне айналууда.

Бұл көрсеткіштердің артында нақты жұмыс істеп тұрған жобалар бар.

Елдегі ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бірі – «Родина» агрофирмасында заманауи сауын залы (480 бас/сағ өнімділік) және 860 басқа арналған жаңа бұзаухана іске қосылды. Кәсіпорын сұйық көңді өңдеу жүйесін және тазартылған ағын суларды ауыл шаруашылығында қайта пайдалану нысандарын енгізу арқылы технологияларын жаңғыртуды жалғастыруда.

Агроөнеркәсіп кешенінде қайта өңдеуді дамыту да жаңа мүмкіндіктер ашуда. «Табыс» ӨКФ-да 5 мың тоннаға арналған көкөніс қоймасының екінші кезегі аяқталды, ал «Преображенка» ЖШС-де 200 гектар аумақта суармалы егіншілік жобасы іске асырылды.

Сонымен қатар аудан өнеркәсіп секторын кеңейтуде. Арайлы ауылында аяқ киім фабрикасы іске қосылды, Қызылсуатта заманауи өндірістік және қойма кешендері ашылды, ал Ақмол ауылында жаңа сауда үйі пайдалануға берілді.

Алайда іске асқан жобалар – ауқымды жұмыстың бір бөлігі ғана. Қазірдің өзінде аудан алдағы экономикалық өсімді қамтамасыз ететін ірі инвестициялық портфель қалыптастыруда.

Биыл 120 млрд теңге инвестиция тарту жоспарланып отыр, оның ішінде алғаш рет жеке инвестициялардың үлесі 50 пайыздан асады деп күтілуде.

Жалпы құны 42 млрд теңгеден асатын жобалар іске асу сатысында. Олардың қатарында цемент зауыты, алюминий прокатын шығаратын кәсіпорын, кірпіш зауыты, кеңсе тауарларын өндіретін фабрика, жиһаз өндірісі, заманауи өндірістік кешендер және жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары бар.

Агроөнеркәсіп кешенінде де ірі жобалар жүзеге асуда. Май зауыты, майлы дақылдарды терең өңдеу кәсіпорны,

құрамажем өндірісі, сүт-тауар фермалары және пастерленген сұйық әрі құрғақ жұмыртқа өнімдерін шығаратын 12,5 млрд теңгелік зауыттың құрылысы жалғасуда.

Аудан дамуының негізгі бағыттарының бірі – «Агрохаб» және «Qoyandy» индустриялық аймақтарын құру.

Дарын Сабырғали айтуынша, бұл алаңдар жаңа өнеркәсіптік өсім орталықтарына айналып, заманауи кәсіпорындарды орналастыруға барлық жағдай жасайды.

«Біз инвесторлар үшін дайын инфрақұрылым қалыптастырып жатырмыз. Бұл жобаларды жүзеге асыру мерзімін қысқартып, жаңа өндірістерді тартуға, жұмыс орындарын көбейтуге және салық түсімдерін арттыруға мүмкіндік береді. Индустриялық аймақтар аудан экономикасының негізгі өсу нүктелерінің біріне айналады», – деді әкім.

Қазірдің өзінде болашақ индустриялық аймақтар аумағында бірнеше ірі жобалар пысықталуда. Олардың қатарында 18,2 млрд теңгелік үй құрылысы комбинаты, 33,7 млрд теңгелік экологиялық таза құрылыс материалдарын өндіретін өнеркәсіп паркі және 34 млрд теңгелік сүт өнімдері мен алкогольсіз сусындар шығаратын кешен бар.

Экономиканың дамуы инфрақұрылымсыз мүмкін емес. Сондықтан инвестициялық жобалармен қатар елді мекендерді жаңғырту жұмыстары да қатар жүріп жатыр.

Өткен жылы 136 мың шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға берілді, жаңа көпқабатты үйлердің құрылысы жалғасуда, елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жобалары іске асуда.

Жол инфрақұрылымын дамытуға да қомақты қаржы бөлінуде. Өткен жылы 81 шақырымға жуық жол асфальтталып, 5 мыңнан астам заманауи жарық шамдары орнатылды, сондай-ақ 4,8 мыңға жуық жол қозғалысын ұйымдастыру құралдары қойылды.

«Экономикалық даму халықтың өмір сапасынан бөлек қарастырылмайды. Сондықтан инвестициялық жобалармен қатар біз тұрғын үй саламыз, инженерлік желілерді жаңартамыз, жолдарды жөндейміз және заманауи инфрақұрылым қалыптастырамыз», – деді Дарын Сабырғали.

Бүгінде Целиноград ауданы тек елордаға жақын орналасқан аумақ ретінде ғана емес, жаңа экономика қалыптасып жатқан өңір ретінде танылып отыр. Мұнда заманауи өндірістер, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, ауқымды инвестициялар мен дамыған инфрақұрылымға негізделген жаңа экономикалық жүйе қалыптасуда.

**Өңірлік
коммуникациялар
қызметі.**

САЙЛАУ — 2026

Целиноград ауданы Қараөткел ауылдық округі әкімін сайлау қорытындылары туралы ХАБАРЛАМА

2026 жылғы 14 маусым күні Целиноград ауданы Қараөткел ауылдық округі әкімін сайлауы өтті.

Целиноград аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10 бабына сәйкес, Целиноград ауданының Қараөткел ауылдық округінің әкімін сайлау нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау қорытындыларын белгіледі:

**Қараөткел сайлау округі бойынша
Қараөткел ауылдық округі әкімінің сайлауы:**

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 5658 азамат енгізілді, оның 347 дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер саны – 5, «барлығына қарсы» деген жолда белгі қойылған – 47.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны:
Абдикаликова А.Ж. – 14; Аубакирова Р.К. – 34; Жеңіс Д.Қ. – 247.

Қараөткел ауылдық округі әкімі болып Жеңіс Даурен Қайратұлы сайланды, 1991 жылы туған, ММ «Целиноград ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» басшысы, Астана қаласында тұрады, өзін-өзі тәртібімен ұсынылған.

Целиноград аудандық аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 45-бабына, 2026 жылғы 16 маусымдағы шешімге сәйкес 2026 жылғы 14 маусымда сайланған әкімін тіркеді – Қараөткел ауылдық округінің әкімі – **Жеңіс Даурен Қайратұлы**, 1991 жылы туған, Астана қаласында тұрады.

Целиноград аудандық сайлау комиссиясы.

■ **Естутін мемлекет**

"АШЫҚ ЕСІК" КҮНІ



2026 жылғы 10 маусым күні Целиноград ауданы бойынша мемлекеттік Кірістер басқармасында «Ашық есік күні» өткізілді.

Іс-шара барысында салық төлеушілерге салық заңнамасының өзекті мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда: салық режимдерін қолдану, өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалардың қызметі, мобильді аударымдарға қатысты мәселелер, бақылау-касса машиналарын қолдану, электрондық сервистерді пайдалану, сондай-ақ 250.00 және 270.00 нысандары бойынша салық есептілігін ұсыну тәртібі түсіндірілді.

Целиноград ауданы бойынша мемлекеттік Кірістер басқармасының мамандары қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, салық заңнамасындағы өзгерістер бойынша түсіндірмелер берді және практикалық көмек көрсетті.

**Целиноград ауданы бойынша мемлекеттік
Кірістер басқармасы.**



■ Редакция поштасынан

ЖАҚСЫ ІСТІҢ ЖАРШЫСЫ БОЛҒАН...

Жақсы адамдар туралы естелік жазу қиында қиын. Осы қалай шығар екен, оқырман қалай қабылдайды деп ойланасың. Дегенмен, осынау жасқа келгенде жаны ізгі адамдар туралы көрген-білгеніңді айтудың өзі бір зибрат деп ойлаймын. Сондықтан ауыл адамдары, кейінгі ұрпақ білсін деген оймен осы дүниені жазып отырмын.

Кешегі кеңес үкіметі кезінде де шағын ауылдарға көп көңіл бөліне қоймайтын. Сол уақытта шағын Покровка ауылы (бүгінгі Ақмешіт) "Родина" совхозының қарамағында болатын. Мектеп сегізжылдық еді, оқуларын әрі қарай жалғастыру үшін балаларды Шортанды ауданына қарасты Жолымбеттегі немесе Ақмоладағы Жамбыл атындағы №4 мектепке тасымалдайтын. Не болмаса «Киров» совхозындағы орта мектепке барып оқуға мәжбүр болатын. Орыс сыныбында оқитындар Новоишимкаға жол тартатын. Бұл ата-аналарға балаларын апарып әкеліп отыру қиындық тудыратын, себебі, жұмысынан сұрануға тура келетін. Әке-шешелері балаларды ойлап жадап-жудеп жүруші еді.

Көктем уақытында осы елді мекендерді су басып кеткенде қарым-қатынас тіптен ауырлаушы еді. Жаздың ортасына дейін су тартылмайтын. Адамдар шаруаларымен ауылдық советке баруға

қиналушы еді.

Біздің Луговой ауылында 80 жастағы Біләлов Рахмет деген ақсақал тұрды, өзі молда, халыққа сыйлы адам еді. Осы кісінің туған інісі Ниязбеков Сабыр Біләлұлы Алматыда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің торағасы болып қызмет істейтін. Осы азамат бұл лауазымды 16 жылдай атқарды. Анда-санда Ақмола қаласына келгенде ағасына соқпай кетпейтін. Ауыл ақсақалдары мен тұрғындары осы Рахмет ақсақалға жолығып, бауырыңыз ауылдың мәселесін шешіп берсін деп, қолқа салып жүретін.

Бірде Рахмет ақсақал Сабыр інісі жұмыс бабымен Ақмолаға келіп, кейін ағасының үйіне келгенде ауылдастарын шақырып алып, олар Сабыр Біләлұлының алдында мұң-мұқтаждарын айтады. Сабыр Біләлұлы жерлестерін мұқият тыңдап, бұл мәселені шешуге сөз береді.

Азамат уәдесінде тұрды, көп ұзамай Есілдің аржағындағы Приозерный, Зеленый Гай өз алдарына жеке ауылсовет болды. Тас жолдың бойындағы ауылдар Луговой мен Покровка «Луговой ауылсоветі» атанды. Темір жол бойындағы 93-94-95 разъездер «Қосшоқы ауылдық кеңесі» болып, өз алдына шаңырақ көтерді.

Кейіннен Ниязбеков Сабыр Біләлұлы Луговой ауылында аралас орта мектеп ашқызды. Покровка ауылында да 10 жылдық қазақ



мектебі ашылды.

Міне, елінің, ауылдастарының қамын ойлаған деген осы болар! Бір келгенде жағдайды бағамдап, нақты шешім қабылдаған азаматтың қол ұшын бергенінің арқасында ауыл адамдарының мәселелері өз шешімін тапты.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, жақсы істің жаршысы болған осы бір аяулы жанның ізгі ісін айта кетуді жөн көрдім. Бұл адамдардың көпшілігі осы күні о дүниелік болған. Имандары жолдас болсын!

**Жақсылық қажы
КАБЕШҰЛЫ.**

Тасты.

ҚОРШАҒАН ОРТА — ҚАСТЕРЛІ ҰЯ



Табиғатқа қамқорлық қарапайым, бірақ маңызды істерден басталады. Осындай игі бастамалар адамдарды ортақ мақсатқа жұмылдырып, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттырады және табиғи байлықтарды келер ұрпаққа аман жеткізуге ықпал етеді. Соның жарқын мысалы — «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында Целиноград ауданының Софиевка ауылдық округінде өткен «Мөлдір бұлақ» экологиялық акциясы.

Аталған акцияның басты мақсаты — табиғи су көздерін сақтау, бұлақ маңын абаттандыру және тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыру болды. Бүгінде қоршаған ортаны қорғау мәселесі ерекше маңызға ие. Себебі таза су, таза ауа және табиғатқа ұқыпты көзқарас — әрбір адамның сапалы өмір сүруінің негізі. Сондықтан мұндай шаралар тек бір елді мекен үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін маңызды.

Экологиялық акцияға Софиевка ауылдық округінің әкімі, ауыл тұрғындары, белсенді жастар және «Алаш» жастар футбол клубының мүшелері қатысты. Бірлескен еңбектің нәтижесінде бұлақ маңы қоқыстан тазартылып, айналасы ретке келтіріліп, абаттандырылды. Әрбір қатысушы туған жердің табиғи сұлулығын сақтауға деген жанаушылығын танытып, ортақ іске өз үлестерін қосты.

Мұндай іс-шараларға жастардың белсенді қатысуы ерекше маңызға ие. Өйткені, жас буын экологиялық құндылықтарды дәріптеп, табиғатқа ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыратын негізгі күш болып табылады. Акцияға қатысушылар өздерінің нақты істері арқылы табиғатты қорғау тек сөз жүзінде емес, нақты әрекеттен басталатынын көрсетті. Атап айтқанда, аумақты тазалау, су көздерінің тазалығын сақтау және табиғи ресурстарға құрметпен қарау — әр азаматтың борышы екенін дәлелдеді.

Акция барысында Софиевка ауылдық округінің

әкімі сөз сөйлеп, таза табиғаттың болашақ ұрпаққа қалдыратын ең қымбат мұралардың бірі екенін атап өтті. Бұл сөздер қоршаған ортаны қорғау әрбір тұрғынның жасына, мамандығына қарамастан ортақ міндеті екенін тағы бір мәрте еске салды.

Бұлақ ежелден тіршіліктің, тазалықтың және табиғаттың қуатының символы болып саналған. Сондықтан олардың табиғи қалпын сақтап, күтім жасау экологиялық қана емес, мәдени жағынан да маңызға ие. Таза әрі күтімді бұлақтар ауылдың көркін арттырып, тұрғындардың сүйікті демалыс орындарының біріне айналады әрі табиғатқа деген құрметтің айқын көрінісі болып табылады.

«Мөлдір бұлақ» акциясының өткізілуі экологиялық жауапкершілігі жоғары қоғам қалыптастыру жолындағы маңызды қадамдардың бірі болды. Мұндай бастамалар адамдарды ізгі мақсат төңірегіне біріктіріп, азаматтық белсенділікті нығайтады және туған өлкенің болашағы әр адамның атсалысуына байланысты екенін көрсетеді.

Таза бұлақ, көрікті табиғат және белсенді тұрғындар — бұл бір күндік сенбіліктің ғана нәтижесі емес. Бұл — адам мен табиғат үйлесім тапқан, туған жердің байлығы мен сұлулығы сақталған жарқын болашаққа жасалған маңызды инвестиция.

**Әлия ӘПСЕТҚЫЗЫ,
ЖРО-ның маманы.**

Ақмол.

■ Мамандар кеңесі

МҰРАҒАТТАН МӘЛІМЕТ АЛЫҢЫЗ...

Әрбір адам қайда оқығандығы, қай жерде жұмыс істегендігі, нақты тұрғылықты мекен жайы туралы және т.б. мәселелерге байланысты деректерді растау үшін мәліметтер іздейді. Жастары шау тарта бастағанда олар зейнеткерлікке шығу туралы ойланады.

Дәл осы кезде: «Зейнетке шығу үшін құжаттарымың барлығы түгел ме?», «Еңбек кітапшамда жазбалар жазылған ба?», «Ондағы жазылған аты-жөнім төл құжатымдағымен сәйкес келе ме?» деген тұрғыда сұрақтар туындай бастайды. Осындай сауалдарға дәйекті түрде жауап алу үшін азаматтар алғашқы құжаттар сақталған архив қорына жүгінеді.

Қазіргі заманға сай Электронды Үкімет Порталы арқылы азаматтардың архивтік анықтамаларды үйден шықпай-ақ онлайн жүйесінде алуға мүмкіндіктері бар. Ол үшін азаматтың электронды цифрлы кілті болуы қажет, ол кілтті Халыққа қызмет көрсету орталықтарынан алуға болады.

Электронды Үкімет Порталы арқылы еңбек өтілін растау және жалақы туралы анықтама алу үшін мемлекеттік архивке өзіңіз жұмыс істеген кездегі толық аты жөніңіз, мекеменің орналасқан орны, кәсіпорынның толық атауы, жұмыс істеген жылдары көрсетілген арызды (мүмкіндік болса бұйрықтың нөмірі және күні, жылы) және еңбек кітапшасының көшірмесін бірге жібересіз.

Аталған қызметтің артықшылығы — қағазбастылық аз, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға ыңғайлы. Сондай-ақ, кезек те жоқ, уақыт та үнемделеді және тәулігіне 24 сағат бойы аптаның 7 күнінде бірдей өтініш жібере аласыз. Сонымен қатар аптаның әр сәрсенбісі күні Целиноград ауданының мемлекеттік архиві «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелері немесе архивтік үзінді көшірмелер беру» мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша акциялар өткізеді, онда архивтік анықтаманы алу бойынша тегін кеңес беріледі.

Айжан АЛПЫСБЕКОВА,
аудандық мемлекеттік архивінің архивісі.

■ Тұрғындар назарына!

КӨКТЕМГІ АҢШЫЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2026 жылғы Ақмола облысындағы бекітілген аңшылық алқаптарда үйректің аталықтарын (Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген түрлерден басқа) және қырмандағы құрлардың аталықтарын аулауға арналған көктемгі аңшылық екі кезеңде өткізілді:

2026 жылғы 11 сәуір мен 25 сәуір аралығында Шортанды, Астрахан, Целиноград, Ерейментау, Егіндікөл, Қорғалжын, Жақсы, Жарқайың, Есіл, Атбасар және Аршалы аудандарының аумақтарында өтті.

2026 жылғы 18 сәуір мен 2 мамыр аралығында Сандықтау, Зеренді, Бурабай, Біржан сал, Ақкөл және Бұланды аудандарының аумақтарында, сондай-ақ екі ауданның аумағында орналасуына байланысты «Селетинское» аңшылық шаруашылығының аумағында. 15 күн мерзімге өткізілді.

Жыл басынан бері инспекция қызметкерлері аңшылық бойынша 111 рейд жүргізді. Нәтижесінде 23 құқық бұзушылық анықталып, жалпы сомасы 54,0 мың теңге көлемінде айыппұл салынды. Жануарлар дүниесіне келтірілген залал 580,0 мың теңгені құрады. Құқық бұзушылардан 2 дана тегіс ұнғылы аңшылық қару тәркіленіп алынды. Аңшылық саласы бойынша 6 материал құқық қорғау органдарына жолданды.

Биылғы көктемде полиция қызметкерлері жол бойында автокөліктерді тоқтатып, оның жүк салғышынан қызылжемсаулы қазды (қызылжемсаулы қарашақаз) анықтады. Құқық қорғау органдары Қызыл кітапқа енгізілген құсты тасымалдау фактісі бойынша қылмыстық іс қозғады.

Табиғатқа ұқыпты қарауларыңызды, аңшылық қағидалары мен өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауларыңызды сұраймыз.

Д. АХМЕТОВ,
жануарлар дүниесі бөлімінің бас маманы.

«Байтас Строй» ЖШС Ақмола облысының Целиноград ауданында орналасқан Байтас кен орнында сазды жыныстарды (саздак) және құм-қиыршық тас қоспасын өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына ашық жиналыс нысанында экологиялық бөлімдермен қоғамдық тыңдаулар өткізеді: Эмиссиялар нормативтерінің жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Әкімшілік-аумақтық бірлік, оның географиялық координаттары, оның аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Нуресиль а.о. (Воздвиженский), Нуресиль а. (Воздвиженка) (51.213482 С. Е., 71.115893 Ш. Б.).

Тыңдаулар өтеді: 20.07.2026 ж. сағат 12.00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Нуресиль а. о (Воздвиженский), Нуресиль а. (Воздвиженка), Қажымұқан көшесі 2А (клуб ғимараты) мекенжайы бойынша.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Тыңдаулар гибриді форматта өткізіледі, қатысу үшін мына мекен-жайға келу немесе ZOOM Meeting Cloud қосымшасын жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516; кіру коды: 777 (<https://us05web.zoom.us/j/4139456516?pwd=eEFKc0N1WmQ1d0Jybmg1WGdqU0Q4UT09>)

Бастамашы – «Байтас Строй» ЖШС БСН: 211240004134, Қазақстан, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Тәшенов көшесі 17/1 пәтер 7, тел.: 87780010348, e-mail: baitasstroy@gmail.com

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН: 100540015046, Көкшетау қ., ш / а. Васильковский 4Г, 2 қабат, тел.: 8 (707) 156-44-71, e-mail: alait2030@gmail.com.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттармен <https://ndbecology.gov.kz/> және «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/contacts?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Жоспарланған қызмет туралы, қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін e-mail: alait2030@gmail.com және тел: 8 (707) 156-44-71 бойынша сұратуға болады.

Жобалық материалдар бойынша ескертулерді, ұсыныстарды Бірыңғай экологиялық порталға <https://ndbecology.gov.kz/> және «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Көкшетау қ., Абай к-сі 89, тел.: 8 (7162) 401403, электрондық мекен-жайына: upr.expertiza@mail.ru жиі жіберуге болады.

«МКМ-Құм» ЖШС Ақмола облысының Целиноград ауданында орналасқан Табысты-1 кен орнында құм өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әсер етуі мүмкін аумақ: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Нуресиль а. о. (Воздвиженский а.о.). Нуресиль а. (Воздвиженка а.).

Учаскенің бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары: 1) 51° 11 '33,84» С. Е. 71° 11 '34,62» Ш. Б.; 2) 51° 11 '43,95» С. Е. 71° 12 '00,00» Ш. Б.; 3) 51° 11 '16,66» С. Е. 71° 12 '00,00» 4) 51° 11 '16,66» С. Е. 71° 11 '35,10» Ш. Б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 28 шілдеде сағат 10:00-де келесі мекенжайда өтеді: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Нуресиль а. о. (Воздвиженский а.о.). Нуресиль а. (Воздвиженка а.), Қажымұқан Мұнайтпасов 2а (Мәдениет үйі). Өзіңізбен бірге жеке куәлік болуы қажет.

Сондай-ақ қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасы арқылы бейнеконференция режимінде онлайн түрде қолжетімді болады: <https://us06web.zoom.us/j/85755761973?pwd=uFsQk6nS0SXfOWjbmU59J2wVVD2713.1> Конференция идентификаторы: 857 5576 1973. Қол жеткізу коды: 545064.

Тапсырыс беруші-бастамашы: «МКМ-Құм» ЖШС, БСН 240140009907, 020000, ҚР, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Талапкер ауылы, Талапкер көшесі, ст - е 1/1, Камзебаев М.К., Тел.: 87051720290.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=kk> «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/>

сайтында, сондай-ақ upr.expertiza@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Қосымша ақпаратты жоба әзірлеушісінен алуға болады: «АЛАИТ» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Васильков шағынауданы, 4Г, 2-қабат, тел./факс: 8 (716-2) 51-41-41, 8-705-553-6297, e-mail: alait2030@gmail.com, БСН 100540015046.

«МКМ-Құм» ЖШС Ақмола облысының Целиноград ауданында орналасқан Табысты-1 кен орнында құм өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әсер етуі мүмкін аумақ: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Нуресиль а. о. (Воздвиженский а.о.). Нуресиль а. (Воздвиженка а.).

Учаскенің бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары: 1) 51° 11 '33,84» С. Е. 71° 11 '34,62» Ш. Б.; 2) 51° 11 '43,95» С. Е. 71° 12 '00,00» Ш. Б.; 3) 51° 11 '16,66» С. Е. 71° 12 '00,00» 4) 51° 11 '16,66» С. Е. 71° 11 '35,10» Ш. Б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 28 шілдеде сағат 11:00-де келесі мекенжайда өтеді: Әсер етуі мүмкін аумақ: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Нуресиль а. о. (Воздвиженский а.о.). Нуресиль а. (Воздвиженка а.), Қажымұқан Мұнайтпасов 2а (Мәдениет үйі). Өзіңізбен бірге жеке куәлік болуы қажет.

Сондай-ақ қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасы арқылы бейнеконференция режимінде онлайн түрде қолжетімді болады: <https://us06web.zoom.us/j/85916024758?pwd=TnZBCVe6WvL5tJViSEom3HbcgXTta.1> Идентификатор конференция: 859 1602 4758 Код доступа: 393350.

Тапсырыс беруші-бастамашы: «МКМ-Құм» ЖШС, БСН 240140009907, 020000, ҚР, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Талапкер ауылы, Талапкер көшесі, ст - е 1/1, Камзебаев М.К., Тел.: 87051720290.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=kk> «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында, сондай-ақ upr.expertiza@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Қосымша ақпаратты жоба әзірлеушісінен алуға болады: «АЛАИТ» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Васильков шағынауданы, 4Г, 2-қабат, тел./факс: 8 (716-2) 51-41-41, 8-705-553-6297, e-mail: alait2030@gmail.com, БСН 100540015046.

«МКМ-Құм» ЖШС Ақмола облысының Целиноград ауданында орналасқан Табысты-1 кен орнында құм өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әсер етуі мүмкін аумақ: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Талапкер а. о., Талапкер а.

Учаскенің бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары: 1) 51° 11 '33,84» С. Е. 71° 11 '34,62» Ш. Б.; 2) 51° 11 '43,95» С. Е. 71° 12 '00,00» Ш. Б.; 3) 51° 11 '16,66» С. Е. 71° 12 '00,00» 4) 51° 11 '16,66» С. Е. 71° 11 '35,10» Ш. Б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 28 шілдеде сағат 15:00-де келесі мекенжайда өтеді: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Талапкер ауылдық округі, Талапкер ауылы, Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің Талапкер ауылының ІТ мектеп-лицейі ғимараты, мекенжайы: Б. Момышұлы көшесі, 110 (2GIS деректеріне сәйкес – Достық көшесі, 105). Өзіңізбен бірге жеке куәлік болуы қажет.

Сондай-ақ қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасы арқылы бейнеконференция режимінде онлайн түрде қолжетімді болады: <https://us06web.zoom.us/j/83156430926?pwd=GY4o4Z0u47FwjrcB5kX3Db3etbCifG.1> Идентификатор конференция: 831 5643 0926 Код доступа: 923156.

Тапсырыс беруші-бастамашы: «МКМ-Құм» ЖШС, БСН 240140009907, 020000, ҚР, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Талапкер ауылы, Талапкер көшесі, ст - е 1/1, Камзебаев М.К., Тел.: 87051720290.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=kk> «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында, сондай-ақ upr.expertiza@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Қосымша ақпаратты жоба әзірлеушісінен алуға болады: «АЛАИТ» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Ақмола

облысы, Көкшетау қаласы, Васильков шағынауданы, 4Г, 2-қабат, тел./факс: 8 (716-2) 51-41-41, 8-705-553-6297, e-mail: alait2030@gmail.com, БСН 100540015046.

«МКМ-Құм» ЖШС Ақмола облысының Целиноград ауданында орналасқан Табысты-1 кен орнында құм өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әсер етуі мүмкін аумақ: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Талапкер а. о., Талапкер а.

Учаскенің бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары: 1) 51° 11 '33,84» С. Е. 71° 11 '34,62» Ш. Б.; 2) 51° 11 '43,95» С. Е. 71° 12 '00,00» Ш. Б.; 3) 51° 11 '16,66» С. Е. 71° 12 '00,00» 4) 51° 11 '16,66» С. Е. 71° 11 '35,10» Ш. Б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 28 шілдеде сағат 17:00-де келесі мекенжайда өтеді: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Талапкер ауылдық округі, Талапкер ауылы, Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің Талапкер ауылының ІТ мектеп-лицейі ғимараты, мекенжайы: Б. Момышұлы көшесі, 110 (2GIS деректеріне сәйкес – Достық көшесі, 105). Өзіңізбен бірге жеке куәлік болуы қажет.

Сондай-ақ қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасы арқылы бейнеконференция режимінде онлайн түрде қолжетімді болады: <https://us06web.zoom.us/j/86953995909?pwd=TVa0SBK1YBbTSK0JK0a6FKz6PW9AtQ.1> Идентификатор конференция: 869 5399 5909 Код доступа: 920621.

Тапсырыс беруші-бастамашы: «МКМ-Құм» ЖШС, БСН 240140009907, 020000, ҚР, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Талапкер ауылы, Талапкер көшесі, ст - е 1/1, Камзебаев М.К., Тел.: 87051720290.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=kk> «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында, сондай-ақ upr.expertiza@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Қосымша ақпаратты жоба әзірлеушісінен алуға болады: «АЛАИТ» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Васильков шағынауданы, 4Г, 2-қабат, тел./факс: 8 (716-2) 51-41-41, 8-705-553-6297, e-mail: alait2030@gmail.com, БСН 100540015046.

■ Табиғатты аялайық!

ОРМАНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

- Негізгі қауіптер**
Орман өрттерінің 90%-ы адамның салғырттығынан болады: сөндірілмеген от, лақтырылған темекі тұққылы, құрғақ шөпті өртеу. Жел күшейгенде от 5-10 минутта 1 км-ге тарап кетуі мүмкін.
- Өрт қауіпті кезең**
Қазақстанда ең қауіпті кезең — мамырдан қыркүйекке дейін. Бұл кезде ауа құрғақ, топырақ пен жапырақ тез тұтанады. Мемлекеттік орман қорына кіруге уақытша тыйым салынады.
- Орманда жүргенде сақталатын ережелер**
 - От жағуға болмайды: тек арнайы бөлінген орында, жерді тазартып, оттың айналасын топырақпен қоршаған соң.
 - Кетерде отты толық сөндіру: су құйып, күл суып кеткенше араластыру керек. Қолыңмен ұстағанда ыстық болмауы тиіс.
 - Темекі тұққылын лақтырмау: оны міндетті түрде топыраққа басып сөндіру керек.
 - Шыны ыдысты тастамау: күн сәулесі шыныдан өтіп линзадай жұмыс істеп, от тұтатуы мүмкін.
- Өрт байқасаң не істеу керек**
 - 101 немесе 112 нөміріне қоңырау шал. Орналасқан жеріңді, өрттің көлемін, жел бағытын айт.
 - Кішкентай өртті бұтақпен, топырақпен, сумен сөндіруге тырыс.
 - Егер от тез таралып жатса, дереу желге қарсы қашып, ашық алаңға шық. Түтіннен қорғану үшін бетті дымкыл шүберекпен жап.
- Жауапкершілік**
ҚР Әкімшілік кодексі 336-бабы бойынша орманда от жағу ережесін бұзсаң 20 АЕК-ке дейін айыппұл. Егер ірі өрт шықса, Қылмыстық кодекстің 204-бабы бойынша 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған.

Қорытынды: Орман өртінің алдын алу оңай, ал сөндіру өте қиын және қымбат. Бір сәттік салғырттық жүздеген гектар орманды жойып жібереді.

Е. ӨТЕБАЕВ,
РГП «Жасыл аймақ», Батыс орман шаруашылығының шебері.



Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ

Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейдинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігі және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Күелігін 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 116.
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға – берген кісілер жауапты.



Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Сайт: vestiakmola.kz

